

"Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 161 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 24 сәуірде № 18578 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13306 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 6 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау" білім беру бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған

педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық менеджмент" білім беру бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық іс-әрекетін басқару" білім беру бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық- педагогикалық аспектілері" білім беру бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Квалиметрия негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің сапасын кешенді бағалау" білім беру бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау" білім беру бағдарламасы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару" білім беру бағдарламасы;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру парадигмасының өзгеруі жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілін оқыту бойынша білім беру процесін жобалау" білім беру бағдарламасы;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес шағын орталық тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын орталық тәрбиешілерінің кәсіби іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері" білім беру бағдарламасы;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардағы ағылшын тілі педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін

арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін оқыту" білім беру бағдарламасы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың музыкалық жетекшілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында музыкалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың психологтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу" білім беру бағдарламасы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың дене тәрбиесі нұсқаушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымның дене тәрбиесі нұсқаушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудегі жаңа философиялық тұжырымдамалық ойлар негізінде мектептегі педагогикалық жүйені басқару" білім беру бағдарламасы;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы контекстіндегі орта білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті" білім беру бағдарламасы;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрия: инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептердің оқыту сапасын басқару" білім беру бағдарламасы;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру сапасын басқару жүйесіндегі педагогикалық квалиметрия" білім беру бағдарламасы;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектептің директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің білім беру процесін басқару" білім беру бағдарламасы;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін

арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектепті басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасы;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын жинақталған мектеп директоры орынбасарының инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте коучинг пен тәлімгерлік практикасын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында отаншылдық және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің негізі ретінде" білім беру бағдарламасы;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік ел" ұлттық идеясы негізінде тәрбие мазмұнын жаңарту" білім беру бағдарламасы;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес мектептердің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқыту процесін жобалау" білім беру бағдарламасы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Студент Ассисмент) халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасында көптілді білім беру және білім мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Content and Language Integrated Learning" (

Контент энд Лангуидж Интегрейтд Ленинг) пән және тілдерді кіріктіру әдістемесін меңгеру бойынша қазақ тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту аясында тілдерді деңгейлеп оқытуды меңгерту бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Content and Language Integrated Learning" (Контент энд Лангуидж Интегрейтд Ленинг) пән және тілдерді кіріктіру әдістемесін меңгеру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көпмәдени және көптілді білім беру жағдайындағы орыс тілі мен әдебиетінің заманауи сабағын жобалаудың әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Студент Ассисмент) халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға орыс тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын критериалды бағалау" білім беру бағдарламасы;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға бастауыш сыныптағы ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартын енгізу жағдайында ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқытудың мазмұны мен әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес өзбек тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Интерактивті оқыту әдістері арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес ұйғыр тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "

Инновациялық технологияларды қолдану арқылы бастауыш мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес жаратылыстану-математика пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Оқытудың білімдік нәтижелеріне жету сапасын бағалау бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес математика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Студент Ассисмент) халықаралық зерттеулерін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы ;

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес математика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың математикалық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында информатика пәнін бесінші сыныптан оқытудың мазмұны мен әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беруді жаңарту жағдайында информатиканы оқытуда Smart-технологияны (Self Monitoring Analysis And Reporting Technology – Селф Мониторинг Анализис энд Рипотинг Текнолоджи) пайдалану" білім беру бағдарламасы;

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің ғылыми-жаратылыстану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Студент Ассисмент) халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес ғылыми-жаратылыстану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының

"Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында "Ғылымға кіріспе" пәнін оқытудың мазмұндық-ұйымдастырушылық амалдары" білім беру бағдарламасы;

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің химия (биология) пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа философиясының тұжырымдамалық ойлары аясында химияны (биологияны) оқыту процесін жобалаудың қазіргі әдістері" білім беру бағдарламасы;

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің химия пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі педагогикалық технологиясын қолдану негізінде химия пәні сабағында оқушыларды оқыту сапасының квалиметриясы" білім беру бағдарламасы;

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес география пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "География пәнін оқытуда критериалды бағалау жүйесін енгізудің оқу-әдістемелік негіздері" білім беру бағдарламасы;

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес биология пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрия – білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында биология сабақтарында оқушылардың білім нәтижелерін бағалау құралы" білім беру бағдарламасы;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес дінтану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Жастар ортасында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу" білім беру бағдарламасы;

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес тарих, құқық негіздері, дінтану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дінтану негіздері" курсының оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері" білім беру бағдарламасы;

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес тарих және құқық пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру Отан тарихын оқыту мазмұнын жаңартудың негізі ретінде" білім беру бағдарламасы;

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес тарих және құқық пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қоғамның әлеуметтік жаңғыруы кезеңінде тарих пәнін оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес тарих пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Б.Блум таксономиясы

аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау" білім беру бағдарламасы;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес музыка пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Музыка арқылы өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру" білім беру бағдарламасы;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Бейнелеу өнері және сызу сабақтарында оқушылардың визуалды мәдениетін инновациялық технологиялар арқылы дамыту" білім беру бағдарламасы;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес технология пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік ел" идеясы аясында технология сабақтарында оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу" білім беру бағдарламасы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру" білім беру бағдарламасы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес алғашқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Алғашқы әскери дайындық жүйесінде оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың қазіргі амалдары" білім беру бағдарламасы;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының сынып жетекшілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік ел" ұлттық идеясы негізінде білім алушыларға патриоттық тәрбие берудегі сынып жетекшілерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің педагог-психологтеріне, әлеуметтік педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау, жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу" білім беру бағдарламасы;

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Инклюзивті білім

беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны" білім беру бағдарламасы;

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын шағын жинақталған мектеп басшыларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын жинақталған мектеп жағдайында инклюзивті білім беру – тең және қолжетімді біліммен қамтамасыз ету факторы" білім беру бағдарламасы;

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектептердің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы интегративті амал" білім беру бағдарламасы;

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектептердің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен әдістемесі: шағын жинақталған мектепте оқытудың сапасын басқару" білім беру бағдарламасы;

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес мектептердің кітапханашыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру ұйымының ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі" білім беру бағдарламасы;

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне және кафедра меңгерушілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес мектептер мұражайының жетекшілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру ұйымдарында мұражай қызметін ұйымдастыру әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес мектептердің педагог-ұйымдастырушыларына, аға тәлімгерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Девиантты мінез-құлықты мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу" білім беру бағдарламасы;

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес мектеп директорларына, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Арнайы білім беру ұйымдарының педагогикалық-түзету жұмыстарының мазмұнын жаңарту" білім беру бағдарламасы;

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" білім беру бағдарламасы;

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының дефектологтарына, логопедтеріне, сурдопедагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасында арнайы (түзету) білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес жазғы қалалық, қала сыртындағы, мектеп жанындағы сауықтыру лагерьлерінің басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Балаларды сауықтыру лагері басшысының қызметіндегі инновациялық амалдар" білім беру бағдарламасы;

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес облыстық (қалалық) институттардың кафедра меңгерушілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында біліктілікті арттыру институттарындағы кафедралардың қызметін инновациялық форматта ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес аудандық білім бөлімдері басшыларына, орынбасарлары мен мамандарына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарын іске асыру" білім беру бағдарламасы;

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық процесін басқару" білім беру бағдарламасы;

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін

арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын бағалау технологиясы ретінде педагогикалық квалиметрияны пайдалану" білім беру бағдарламасы;

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда апатты жағдайлар қаупін төмендету" білім беру бағдарламасы;

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудың инновациялық амалдары" білім беру бағдарламасы;

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, мектепалды топ тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, мектепалды топ тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары тәрбиешісінің іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану" білім беру бағдарламасы;

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көшбасшылық – педагогикалық ұжымды табысты басқарудың факторы" білім беру бағдарламасы;

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы басқарушылық қызмет және менеджмент" білім беру бағдарламасы;

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру сапасын басқаруда корпоративтік орта құру" білім беру бағдарламасы;

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын шағын жинақталған мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын реформалау жағдайында

шағын жинақталған мектептің білім беру процесін ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагог-тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды тиімді басқару" білім беру бағдарламасы;

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидті мінез-құлықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу" білім беру бағдарламасы;

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету" білім беру бағдарламасы;

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасы;

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдары директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Арнайы мектеп жағдайында педагогикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметін басқарудың қазіргі үрдістері" білім беру бағдарламасы;

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Сыныптан тыс жұмыс аясында балалармен туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көркем еңбек" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы" білім беру бағдарламасы;

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Робототехника негіздері" білім беру бағдарламасы;

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының тәрбиешілеріне, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

99) осы бұйрыққа 99-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқытудың инновациялық тәсілдері мен әдістемелері" білім беру бағдарламасы;

100) осы бұйрыққа 100-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының математика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Математика (алгебра және геометрия) пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

101) осы бұйрыққа 101-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Физика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

102) осы бұйрыққа 102-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының химия пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Химия пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

103) осы бұйрыққа 103-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының биология пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

104) осы бұйрыққа 104-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Информатика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

105) осы бұйрыққа 105-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының география, математика, информатика, құқық негіздері пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Экономика және кәсіпкерлік негіздері" білім беру бағдарламасы;

106) осы бұйрыққа 106-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, тарих, құқық негіздері пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру кеңістігінде қоғам мен діннің өзара әрекеттестігінің негіздері" білім беру бағдарламасы;

107) осы бұйрыққа 107-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу" білім беру бағдарламасы;

108) осы бұйрыққа 108-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының ""Жаратылыстану" және "Физика" пәндері мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

109) осы бұйрыққа 109-қосымшаға сәйкес орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

110) осы бұйрыққа 110-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының химия, биология, география, физика пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "STEM-оқыту негізінде жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін оқыту әдістемесі мен мазмұны" білім беру бағдарламасы;

111) осы бұйрыққа 111-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын шағын жинақталған мектеп басшыларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын жинақталған мектептерде біріктірілген сынып-комплектілерінде пәндерді оқыту әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

112) осы бұйрыққа 112-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын интернаттық ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Интернаттық ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

113) осы бұйрыққа 113-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектеп жасына дейінгі балалардың ерте даму аспектісінде пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны модельдеу" білім беру бағдарламасы;

114) осы бұйрыққа 114-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру қызметінің сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау" білім беру бағдарламасы;

115) осы бұйрыққа 115-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру қызметіндегі STEAM-оқыту" білім беру бағдарламасы;

116) осы бұйрыққа 116-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жағдайында мектепке дейінгі ұйымды басқару" білім беру бағдарламасы;

117) осы бұйрыққа 117-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне және балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беруде 3D-принтинг технологияларды қолдану" білім беру бағдарламасы;

118) осы бұйрыққа 118-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының география пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "География пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

119) осы бұйрыққа 119-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика, химия, биология, информатика

пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көптілді оқытуды іске асыру аясында мұғалімдердің пәндік-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру" білім беру бағдарламасы;

120) осы бұйрыққа 120-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Бағдарламалау негіздері цифрлық кеңістікті дамытудың факторы ретінде" білім беру бағдарламасы;

121) осы бұйрыққа 121-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Бастауыш білім беру жағдайындағы 4К моделін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері" білім беру бағдарламасы;

122) осы бұйрыққа 122-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің 1-4 сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

123) осы бұйрыққа 123-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің 5-9 сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

124) осы бұйрыққа 124-қосымшаға сәйкес орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің 5-9 сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

125) осы бұйрыққа 125-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын орта білім беру ұйымдарының 1-4 сыныптарының қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

126) осы бұйрыққа 126-қосымшаға сәйкес орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

127) осы бұйрыққа 127-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні

мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

128) осы бұйрыққа 128-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

129) осы бұйрыққа 129-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 1-4 сыныптарының ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Ағылшын тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

130) осы бұйрыққа 130-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-11 сыныптарының ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Ағылшын тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

131) осы бұйрыққа 131-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-11 сыныптарының неміс тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Неміс тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

132) осы бұйрыққа 132-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының математика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Математика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

133) осы бұйрыққа 133-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының "Қазақстан тарихы" және "Құқық негіздері" пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан тарихы" және "Құқық негіздері" пәндері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

134) осы бұйрыққа 134-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының "Дүниежүзі тарихы" және "Құқық негіздері" пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дүниежүзі тарихы" және "Құқық негіздері" пәндері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

135) осы бұйрыққа 135-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының география пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "География пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

136) осы бұйрыққа 136-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының жаратылыстану және биология пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Жаратылыстану және биология пәндері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

137) осы бұйрыққа 137-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының химия және жаратылыстану пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Химия және жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

138) осы бұйрыққа 138-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Информатика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

139) осы бұйрыққа 139-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының, директорларына, директорлардың орынбасарлары мен педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық қызметкерлердің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың негіздері" білім беру бағдарламасы;

140) осы бұйрыққа 140-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-9 сыныптарының дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

141) осы бұйрыққа 141-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының 5-6 сыныптарының музыка пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Музыка пәні сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

142) осы бұйрыққа 142-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың нөлдік сыныптарының мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "5 жастағы балаларды "Математика" оқулығы бойынша оқыту" білім беру бағдарламасы;

143) осы бұйрыққа 143-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Кәсіпкерлік пен бизнес негіздері" білім беру бағдарламасы.;"

7, 23, 38, 60, 61, 62, 83, 91-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52-қосымшаларға сәйкес 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А.Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

К. Шәмшидинова

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

2019 жылғы 22 сәуірдегі
№ 161 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына
7-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау" білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жобалау" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде тіркелген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тіркелген тіркелімі № 14235 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу жоспарын іске асыру жағдайында (бұдан әрі - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу жоспары) мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілерінің мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудағы түрлі интегративті (кіріктіруші) тәсілдерге бағдарлану білігін, педагогикалық процестерді жобалау дағдыларын, тұрақты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтиже

3. Бағдарлама мақсаты мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

4. Бағдарлама міндеттері:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, педагогикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың отандық және шетелдік тұжырымдамаларының тұжырымдамалық негіздерін; мектеп жасына дейінгі балаларды ерте дамытудың педагогикалық жүйелері мен әдістерінің тұжырымдамалық негіздерін зерттеу;

2) мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыту үшін педагогикалық процесті жобалау, жоспарлау білігін, педагогикалық қызметтің әр алуан түрлерін

жобалауды, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды психологиялық-педагогикалық қолдау; шағын оқытудың жаңа тәсілдерін жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылған оқу әрекетін қалыптастыру;

3) мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қажеттіліктерін іске асыруды қамтамасыз ететін, ерте дамытудың қазіргі заманауи білім беру технологияларын және әдістерін іріктеу, апробациялау және енгізу әдістерін пайдалану білігін қалыптастыру; оқу-педагогикалық қызмет процесіндегі рефлексияны іске асыруды меңгеру, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік деңгейін арттыру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік құқықтық актілерді; педагогикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің отандық және шетелдік тұжырымдамаларының тұжырымдамалық негіздерін; мектеп жасына дейінгі балаларды ерте дамыту әдістері мен педагогикалық жүйелерінің тұжырымдамалық негіздерін біледі;

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

10. Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының география, математика, информатика, құқық негіздері пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының

3.9	Бизнес-инкубаторлар. Бизнес-үдеткіштер. Технопарктер. Прототиптендіру орталықтары							2
3.10	Қаржы пирамидаларының тәуекелділігі және қаржылық алаяқтық							2
3.11	Түлектің кәсіби және мансаптық өз таңдауын нақтылаудағы білім беру ұйымдарының рөлі. Стратегиялық ойлау							2
3.12	"Экономика және кәсіпкерлік негіздері" пәнін оқытудағы белсенді формалар мен әдістер							2
3.13	Экономика және кәсіпкерлік негіздеріне оқытудағы критериалды бағалаудың әдіснамалық негіздері							2
3.14	Жеке стартап-жобаның фрагменттерін панорамалық корғау		4					
4	Технологиялық модуль					2		8
4.1	Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау							2
4.2	Цифрлық білім қорларын (BilimLand (БілімЛэнд) және т.б) қолдану. Ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері							2
4.3	Қазақстан Республикасында білім беру ұйымдарын цифрландыру: "Қазақстан Республикасының Электронды Үкіметі" порталы (EGov). " К ү н д е л і к " автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс							2
4.4	"Экономика және кәсіпкерлік негіздері" сабағында сыни және креативті ойлау технологияларын қолдану					2		
4.5	Оқушылардың бойында білімді өздігінен іздеу және топта табысты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру							2
	Вариативтік модуль							4

5.1	Кәсіпкерлік жоспар мен бизнес-жобаны сараптау: мазмұны, құрылымы мен құндылық-маңызды негіздері. Бизнес-жоспарды жүзеге асыру: "Бизнес-жоспарды жобалау", "Мен өз ісімді ашамын...", "Мен кәсіпкер боламын...", "Инвестицияларды стартап - жобаға қалай тартуға болады?"								
5.2	Экономика және кәсіпкерлік негіздері сабақтарында белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімділігін диагностикалау								
5.3	Инновациялық стартаптар: Гипотезаларды тестілеу. Бизнес-модельді тестілеу. Маркетинг және Брэдинг. Инвесторларды іздеу								
5.4	Жеке қаржыны басқару								
Вариативтік модуль бойынша онлайн- кеңес								2	
Барлығы:		6	4	4	2	2	4	2	56

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 22 сәуірдегі
№ 161 бұйрығына
15-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына
106-қосымша

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, тарих және құқық негіздері пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру кеңістігінде қоғам мен діннің өзара әркеттестігінің негіздері" білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, тарих және құқық негіздері пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін

арттыру курсының "Білім беру кеңістігінде қоғам мен діннің өзара әрекеттестігінің негіздері" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын, тарих және құқық негіздері пәндерінің мұғалімдерін оқытуды регламенттейді.

2. Білім беру бағдарламасы сапалы оқытуға және мұғалімдерге оқушылардың толеранттылығы мен рухани-адамгершілік құндылықтар негізіндегі гуманистік көзқарастарын тәрбиелеуде әдістемелік көмек көрсетуге ықпал ететін теориялық және тәжірибелік білім мен біліктерді алуды қамтамасыз етуге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты білім алушылардың діни сауаттылығын қалыптастыру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу мәселелері бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, тарих, құқық негіздері пәндері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру болып табылады.

4. Бағдарлама міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясындағы діни бостандық және ар-ождан бостандығы ұстанымдарын, түрлі конфессияларға жататын азаматтардың құқықтарын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

2) түрлі әлемдік діндер мен діни сенімдердің мәдени құндылықтары арасында байланыс орната отырып, заманауи әлемнің діни картинасындағы адамның орнын ұғынуға ықпал ету;

3) Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың зайырлы ұстанымдарын жүзеге асыру кезеңінде дүниетанымдық, толерантты диалог жүргізу дағдысын меңгеру; ынтымақтастық пен мәдени өзара әрекеттестік педагогикасы негізінде білім беру процесін жобалау мен ұйымдастыру үшін инновациялық технологияларды меңгеруде кәсіби деңгейді арттыру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясындағы діни бостандық және ар-ождан бостандығы ұстанымдарын, түрлі конфессияларға жататын азаматтардың құқықтарын регламенттейтін нормативті құқықтық актілерді біледі ;

2) түрлі әлемдік діндер мен діни сенімдердің мәдени құндылықтары арасында байланыс орната отырып, заманауи әлемнің діни картинасындағы адамның орны туралы мәселелерді қарастыра алады;

3) Қазақстанның білім беру жүйесін дамытудың зайырлы ұстанымдарын жүзеге асыру кезеңінде дүниетанымдық, толерантты диалог жүргізу дағдысын; ынтымақтастық пен мәдени өзара әрекеттестік педагогикасы негізінде білім беру процесін жобалау мен ұйымдастыру үшін инновациялық технологияларды меңгереді.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативті-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) психологиялық-педагогикалық;
- 4) мазмұндық;
- 5) технологиялық;
- 6) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

4-тарау. Білім беру процесінің нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру, нысандары мен әдістері

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу (Blended Learning - блендед лҰнинг) оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

2.3	жағдайларды шешу амалдары (медиация)				2				
3	Педагогикалық-психологиялық модуль	6							2
3.1	Оқушылардың құндылық бағдарларының даму ерекшеліктері және жас - психологиялық заңдылықтар								2
3.2	Білім беру кеңістігі аясында толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған білім беру ұйымдары білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу	2							
3.3	Білім беру ұйымдары білім алушыларының өзіне-өзі қол жұмсау жағдайының алдын-алуды психологиялық сүйемелдеу	2							
3.4	Тұлғаның азаматтығын қалыптастырудың психологиялық механизмдері	2							
4	Мазмұндық модуль	4	2	4	2	2	2	2	14
4.1	Әлемдік тәжірибедегі толеранттылықтың қоғамдық нормалары	2							
4.2	Зайырлы толерантты қоғамда " Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру жолдары				2				
4.3	Діни мәдениеттерді оқу барысында оқушылардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда интербелсенді формаларды қолдану әдістемесі		2						
4.4	Дін тарихынан. Дін идеалдарының мәдени құндылықтары.								2
4.5	Білім беру ұйымдарында оқу және оқудан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үлгілері мен түрлері				2				
4.6	БАҚ және электронды ресурстар материалдарын талдау арқылы сыни ойлау дағыларын дамыту				2				
4.7	Әлемдік діндердің ортақ құндылықтары мен								4

	ерекшеліктерін оқытуда фишбоун әдісін қолданудың тиімділігі								
4.8	Оқушыларды этникалық және діни толеранттылық рухында тәрбиелеу								4
4.9	Әлемдік діндердің қоғам мен мемлекеттер қауіпсіздігін және бейбітшілікті сақтаудағы рөлі								4
4.10	Діни бағыттар мен ағымдар. Дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ұйымдар	2							
4.11	Жобаларды қорғау. Тестілеу. Шағын-сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы								
4.12	Қоғамның ынтымақтастығын нығайтудағы Қазақстан Республикасындағы діни мерекелердің рөлін анықтау						2		
4.13	Жасөспірімдік ортада толеранттылық пен ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру						2		
5	Технологиялық модуль	2		8	4				
5.1	Білім беруді ұйымдарын цифрландыру: "Қазақстан Республикасының Электронды Үкіметі" порталы.. Ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері			2					
5.2	Білім беру процесінде IT (Information Technology), SMART (self-monitoring, analysis and reporting technology селф-мониторинг, анализис, репортинг технолоджи) технологияларды пайдалану	2			4				
5.3	"Күнделік" автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс.			2					
5.4	Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды қолдану (BilimLand (БілімЛэнд) және т.б.)			2					
5.5	Оқушылардың оқу жетістіктері мен білім сапасын критериялды бағалау			2					
6	Вариативтік модуль		8						

6.1	Көпконфессионалды, көпмәдениетті қазақстандық қоғам жағдайында оқушылардың толеранттылығын дамыту								
6.2	Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету								
6.3	Қазақстан халық Ассамблеясының қоғамдағы рөлі. Этникааралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі.								
6.4	Діндер арасындағы толеранттылық. Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі бірлестіктердің қызметі								
6.5	Діни сенім мен бостандықты қамтамасыз ету механизмдері								
	Барлығы:	20	8	12	10	4	2	2	16

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, тарих және құқық негіздері пәндері мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру кеңістігіндегі қоғам мен діннің өзара әрекеттестігінің негіздері" білім беру бағдарламасына
2-қосымша

Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	К ү н д і з г і				о қ у		
		Дәріс	Семинар	Тренинг	Шағын сабақтың таныстырылымы	Вебинар	Онлайн-форум	Онлайн-к
		16 с.				8 с.		
1	Нормативтік-құқықтық модуль	8						
1.1	Орта білім беру жүйесіндегі құқықтық нормативтік актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары. Орта білім беру педагогтерінің	8						

	қызметін реттейтін құқықтық нормативтік актілер						
2	Басқарушылық модуль						
2.1	Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында орта білім беру ұйымдарының даму стратегиясы						
2.2	Орта білім беру ұйымдарын басқару әдіснамасы және басқарудың ғылыми-теориялық негіздері						
2.3	Білім беру ұйымдарында даулар мен шиеленістік жағдайларды шешу амалдары (медиация)						
3	Педагогикалық-психологиялық модуль	2			2		
3.1	Оқушылардың құндылық бағдарларының даму ерекшеліктері және жас - психологиялық заңдылықтар	2					
3.2	Білім беру кеңістігі аясында толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған білім беру ұйымдары білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу				2		
3.3	Білім беру ұйымдары білім алушыларының өзіне-өзі қол жұмсау жағдайының алдын-алуды психологиялық сүйемелдеу						
3.4	Тұлғаның азаматтығын қалыптастырудың психологиялық механизмдері						
4	Мазмұндық модуль		2	4	2	2	
4.1	Әлемдік тәжірибедегі толеранттылықтың қоғамдық нормалары		2				
4.2	Зайырлы толерантты қоғамда " Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру жолдары						
4.3	Діни мәдениеттерді оқу барысында оқушылардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда интербелсенді формаларды қолдану әдістемесі				2		

4.4	Дін тарихынан. Дін идеалдарының мәдени құндылықтары.						
4.5	Білім беру ұйымдарында оқу және оқудан тыс жұмыстарды ұйымдастыру үлгілері мен түрлері					2	
4.6	БАҚ және электронды ресурстар материалдарын талдау арқылы сыни ойлау дағыларын дамыту						
4.7	Әлемдік діндердің ортақ құндылықтары мен ерекшеліктерін оқытуда фишбоун әдісін қолданудың тиімділігі						
4.8	Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік конфессиялық қарым-қатынас мәселелері						
4.9	Оқушыларды этникалық және діни толеранттылық рухында тәрбиелеу						
4.10	Әлемдік діндердің қоғам мен мемлекеттер қауіпсіздігін және бейбітшілікті сақтаудағы рөлі						
4.11	Діни бағыттар мен ағымдар. Дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ұйымдар						
4.12	Жобаларды қорғау. Тестілеу. Шағын-сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы			4			
4.13	Қоғамның ынтымақтастығын нығайтудағы Қазақстан Республикасындағы діни мерекелердің рөлін анықтау						
4.14	Жасөспірімдік ортада толеранттылық пен ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру						
5	Технологиялық модуль						
5.1	Білім беруді ұйымдарын цифрландыру: "Қазақстан Республикасының Электронды Үкіметі" порталы. Ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері						
	Білім беру процесінде IT (Information Technology), SMART (self-monitoring, analysis and reporting						

5.2	technology селф-мониторинг, анализис, репортинг технолоджи) технологияларды пайдалану							
5.3	" К ү н д е л і к " автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс.							
5.4	Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды қолдану (BilimLand (БілімЛэнд) және т.б.)							
5.5	Оқушылардың оқу жетістіктері мен білім сапасын критериалды бағалау							
6	Вариативтік модуль							
6.1	Көпконфессионалды, көпмәдениетті қазақстандық қоғам жағдайында оқушылардың толеранттылығын дамыту							
6.2	Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету							
6.3	Қазақстан халық Ассамблеясының қоғамдағы рөлі. Этникааралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі.							
6.4	Діндер арасындағы толеранттылық. Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі бірлестіктердің қызметі							
6.5	Діни сенім мен бостандықты қамтамасыз ету механизмдері							
Вариативтік модуль бойынша онлайн-кеңес								2
Барлығы:		8	2	2	4	4	2	2

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 22 сәуірдегі
№ 161 бұйрығына
16-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына
107-қосымша

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу" білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін оқытуды регламенттейді.

2. Бағдарлама білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, тарих , география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуде кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) өлкетануды оқыту мәселелері бойынша теориялық даярлықты қамтамасыз ету; мектептегі өлкетану жұмысының негізгі міндеттерін, қағидалары мен бағыттарын зерделеу; қосарлы пәндер мен өлкетануды насихаттау мен оқытудың тиімді әдістерін зерделеу;

2) өлкетану жұмысын басқарудағы құзыреттілік тәсілдерді зерделеу және мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу бойынша тәжірибелік дағдыларды меңгеру; тәрбие жұмысында шығармашылық қабілеттерді, рухани-адамгершілік, отаншылдық және көшбасшылық сапаларды, белсенді азаматтық ұстанымды тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін белсенді тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру;

3) "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасының "Өлкетану" базалық бағытының міндеттері мен көрсеткіштеріне сәйкес тәрбие жұмысының мазмұны мен құрылымын құру бойынша дағдыларды қалыптастыру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) мектептегі өлкетану жұмысының негізгі міндеттерін, бағыттары мен қағидаларын, қосарлы пәндер мен өлкетануды оқыту мен насихаттаудың тиімді әдістерін біледі;

2) өлкетану жұмысын басқаруда құзыреттілік тәсілдерді және мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу тәжірибелік дағдыларды, тәрбие жұмысында шығармашылық қабілеттерді, рухани-адамгершілік, отаншылдық және көшбасшылық сапаларды, белсенді азаматтық ұстанымды тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін белсенді тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана алады;

3) "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасының "Өлкетану" базалық бағытының міндеттері мен көрсеткіштеріне сәйкес тәрбие жұмысының мазмұны мен құрылымын құру бойынша дағдыларды меңгереді.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) психологиялық-педагогикалық;
- 4) мазмұндық;
- 5) технологиялық;
- 6) вариативтік.

7. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

4-тарау. Білім беру процесінің нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру, нысандары мен әдістері

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

1.1	актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер	6							
2	Басқарушылық модуль	2		4	4	2			
2.1	Өлкетану қызметі мектептегі тәрбие жүйесінің жүйекұраушы компоненті ретінде				2	2			
2.2	Жалпыадамзаттық мәдени, тарихи және ұлттық дәстүр құндылықтарына баулу негізінде оқушылардың құзырлы тұлғасын тәрбиелеу			2	2				
2.3	Өлкетану жұмыстарын жүргізу бойынша тәрбие шараларын ұйымдастырудың заманауи түрлері мен стратегиялары			2					
2.4	"Рухани жаңғыру" идеясын жүзеге асыру аясындағы "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасы базалық бағыттарының индикаторлары	2							
3	Психологиялық-педагогикалық модуль	2		2	4		2		
3.1	Орта білім беру ұйымдары білім алушыларының отаншылдық және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері				2				
3.2	Туған өлкенің тарихын зерделеу – тәрбиелеуші ғылым				2				
3.3	Педагогтердің, балалар мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру, тәрбие процесін психологиялық сүйемелдеу	2		2					
3.4	Мұражай педагогикасын кіріктіру жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу құралы ретінде						2		
4	Мазмұндық модуль	4		4	2			16	2
	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ң "Туған								

4.1	елге тағзым", "Қазақтың 100 әні" тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы тәжірибесі	2							
4.2	Өлкетану – тарихи жады мен ұлттық сананы жаңғырту. Тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиетін оқытуда "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасының "Өлкетану" базалық бағытының идеяларын кіріктіру			2					
4.3	Өлкетану және оқу пәндерін (Қазақстан тарихы, География, Биология, Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті, Музыка) оқытудағы өлкетанушылық тәсіл				2				
4.4	"Елдің рухани мұрасы – келешекке ұлағат" ("Духовное наследие страны - великое будущее"). "Қазақстанның 100 қасиетті жері"	2							
4.5	Оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру. "Ауылдағы 2 апта" және "Ата-ананың кәсіпорнындағы 10 күн" жобалары, "TEDxNIS" клубы және "Wikipedia" өз Отанының патриоты мен азаматын тәрбиелеу құралы ретінде ("Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ тәжірибесінен)							8	
4.6	Қазақстанның өлкетануы: ұлттық мұраны зерделеу тарихы (Ш.Уәлиханов, С.Бабаджанов, Н.Коншин, Е.Михаэлис, М.Тынышпаев, С.Ахметова, Н.Букетова)								2
4.7	Өлкетану жұмысын ұйымдастыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау			2					
4.8	Білімді өмірде практикалық қолдану мен прагматизмге тәрбиелеудегі өлкетану курсының маңыздылығы. Білім алушылардың өңір туралы ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Мәліметтер базасын жинақтау							8	

	өңірдің визит карточкасы ретінде.							
4.9	Тыңдаушылардың қалыптасқан кәсіби құзыреттілігінің деңгейін анықтау							
5	Технологиялық модуль	2		6		2		
5.1	Білім беру процесінде педагогикалық, IT, STEM-технологияларды (Science, Technology, Engineering, Mathematics – Сайнс, Технолоджи, Инжиниринг, Математикс) және робототехника құралдарын қолдану. Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды пайдалану (BilimLand (БілімЛэнд) т.б.)					2		
5.2	"Білім беру ұйымын цифрландыру": электронды үкімет порталы (EGov)". "Күнделік" автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс.	2						
5.3	Мектеп жағдайында ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері (Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша шаралар жоспары "Қазақстанның киберқалқаны" 2022 жылға дейін)			2				
5.4	Оқу пәндері (тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті) бойынша өлкетану жұмысы оқушыларға азаматтық білім берудің маңызды құраушысы ретінде: жұмыстың белсенді түрлері мен әдістері			2				
5.5	Жоспарлау. Жоспарлау түрлері . Өлкетану бойынша тиімді оқыту стратегиялары. Өлкетану курсы бойынша белсенді оқу әдістері			2				
	"Өлкетану" базалық бағытындағы республикалық жобаларды жүзеге асыру							

5.6	аясында өңірдің тарихи процесін бағалаудағы өлкетану курсының мәні ("Алтын адам", "Менің елім Қазақстан", "Елімнің шежірелі байлығы", "Тарих мұрасы", "Ұлттық қазына", "Табиғат бесігі"). Шағын сабақ негізінде басқарушылық қызмет фрагменттерін панорамалық қорғау								
6	Вариативтік модуль		8						
6.1	Өлкетануды оқытудағы білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау және есепке алу. Экскурсия және тірі табиғат нысандарын бақылау кезіндегі қауіпсіздік ережелері								
6.2	Зерттеу аумағындағы хайуанаттар мен өсімдіктердің таралу заңдылықтарын анықтау								
6.3	Биология бойынша өлкетану жұмысының тәсілдері (ақпарат көздерімен жұмыс, ақпарат көзімен жұмыс алгоритмі, оқушыларды бақылау, бақылау алгоритмі). Табиғат құбылыстарына фенологиялық бақылау жүргізу өлкетану мәдениетінің негізі								
6.4	Қазақстандағы туризм негіздерімен танысу								
6.5	Өлкетану жұмысы отаншылдық тәрбие түрі ретінде								
6.6	Өлкетану экологиялық дүниетанымды қалыптастыру құралы ретінде								
6.7	Өлкетану: жаңа ақиқаттар								
	Барлығы:	16	8	16	10	4	2	16	2

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогика

кадрларының біліктілігін
арттыру курсының
"Мектепте өлкетану жұмысын
ұйымдастыру және өткізу"
білім беру бағдарламасына
2-қосымша

Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Күндізгі оқу				Қашықтықтан оқу			Өзіндік оқу 56 с. Тыңдаушының өз бетімен оқуы
		16 с.	Дәріс	Практикалық сабақ	Семинар	Жоба қорғау	Вебинар	Онлайн форум	
1	Нормативтік-құқықтық модуль	8							
1.1	Орта білім беру жүйесіндегі нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер	8							
2	Басқарушылық модуль					2			6
2.1	Өлкетану қызметі мектептегі тәрбие жүйесінің жүйекұраушы компоненті ретінде					2			
2.2	Жалпыадамзаттық мәдени, тарихи және ұлттық дәстүр құндылықтарына баулу негізінде оқушылардың құзырлы тұлғасын тәрбиелеу								2
2.3	Өлкетану жұмыстарын жүргізу бойынша тәрбие шараларын ұйымдастырудың заманауи түрлері мен стратегиялары								2
2.4	"Рухани жаңғыру" идеясын жүзеге асыру аясындағы "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасы базалық бағыттарының индикаторлары								2
3	Психологиялық-педагогикалық модуль				2		2		6
3.1	Орта білім беру ұйымдары білім алушыларының отаншылдық және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың				2		2		

	психологиялық-педагогикалық негіздері							
3.2	Туған өлкенің тарихын зерделеу – тәрбиелеуші ғылым							2
3.3	Педагогтердің, балалар мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру, тәрбие процесін психологиялық сүйемелдеу							4
4	Мазмұндық модуль	2		2		2		30
4.1	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ң "Туған елге тағзым", "Қазақтың 100 әні" тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы тәжірибесі	2						2
4.2	Өлкетану – тарихи жады мен ұлттық сананы жаңғырту. Тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиетін оқытуда "Тәрбие және білім" кіші бағдарламасының "Өлкетану" базалық бағытының идеяларын кіріктіру			2		2		2
4.3	Өлкетану және оқу пәндерін (Қазақстан тарихы, География, Биология, Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті, Музыка) оқытудағы өлкетанушылық тәсіл							2
4.4	"Елдің рухани мұрасы – келешекке ұлағат" ("Духовное наследие страны - великое будущее"). "Қазақстанның 100 қасиетті жері"							4
4.5	Оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру. "Ауылдағы 2 апта" және "Ата-ананың кәсіпорнындағы 10 күн" жобалары, "TEDxNIS" клубы және "Wikipedia" өз Отанының патриоты мен азаматын тәрбиелеу құралы ретінде ("Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ тәжірибесінен))							4
4.6	Қазақстанның өлкетануы: ұлттық мұраны зерделеу тарихы (Ш.Уәлиханов, С.Бабаджанов, Н.Коншин, Е.Михаэлис,							

	М.Тынышпаев, С.Ахметова, Н.Букетова)								2
4.7	Өлкетану жұмысын ұйымдастыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау								2
4.8	Білімді өмірде практикалық қолдану мен прагматизмге тәрбиелеудегі өлкетану курсының маңыздылығы. Білім алушылардың өңір туралы ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Мәліметтер базасын жинақтау өңірдің визит карточкасы ретінде.								4
4.9	Мұражай педагогикасын кіріктіру жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу құралы ретінде								4
4.10	"Өлкетану" базалық бағытындағы республикалық жобаларды жүзеге асыру аясында өңірдің тарихи процесін бағалаудағы өлкетану курсының мәні ("Алтын адам", "Менің елім Қазақстан", "Елімнің шежірелі байлығы", "Тарих мұрасы", "Ұлттық қазына", "Табиғат бесігі"). Шағын сабақ негізінде басқарушылық қызмет фрагменттерін панорамалық қорғау								4
5	Технологиялық модуль				2				10
5.1	Білім беру үдерісінде педагогикалық, ІТ, STEM-технологияларды (Science, Technology, Engineering, Mathematics – Сайнс, Технолоджи, Инжиниринг, Математикс) және робототехника құралдарын қолдану. Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды пайдалану (BilimLand (БілімЛэнд) т.б.)								2
5.2	"Білім беру ұйымын цифрландыру": электронды үкімет порталы (EGov)". "								

	К ү н д е л і к " автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен жұмыс								2
5.3	Мектеп жағдайында ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері (Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша шаралар жоспары "Қазақстанның киберқалқаны" 2022 жылға дейін)								2
5.4	Оқу пәндері (тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті) бойынша өлкетану жұмысы оқушыларға азаматтық білім берудің маңызды құраушысы ретінде: жұмыстың белсенді түрлері мен әдістері								2
5.5	Жоспарлау. Жоспарлау түрлері . Өлкетану бойынша тиімді оқыту стратегиялары. Өлкетану курсы бойынша белсенді оқу әдістері				2				2
6	Вариативтік модуль								4
6.1	Өлкетануды оқытудағы білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау және есепке алу. Экскурсия және тірі табиғат нысандарын бақылау кезіндегі қауіпсіздік ережелері								
6.2	Зерттеу аумағындағы хайуанаттар мен өсімдіктердің таралу заңдылықтарын анықтау								
6.3	Биология бойынша өлкетану жұмысының тәсілдері (ақпарат көздерімен жұмыс, ақпарат көзімен жұмыс алгоритмі, оқушыларды бақылау, бақылау алгоритмі). Табиғат құбылыстарына фенологиялық бақылау жүргізу өлкетану мәдениетінің негізі								
6.4	Қазақстандағы туризм негіздерімен танысу								
6.5	Өлкетану жұмысы отаншылдық тәрбие түрі ретінде								

6.6	Өлкетану экологиялық дүниетанымды қалыптастыру құралы ретінде							
6.7	Өлкетану: жаңа ақиқаттар							
	Вариативтік модуль бойынша онлайн-кеңес						2	
	Барлығы:	10	4	2	4	2	2	56

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2019 жылғы 22 сәуірдегі
№ 161 бұйрығына
17-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына
108-қосымша

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Жаратылыстану" және "Физика" пәндері мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының ""Жаратылыстану" және "Физика" пәндері мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика пәні мұғалімдерін оқытуды регламенттейді.

2. Бағдарлама физика пәні мұғалімдерінің "Жаратылыстану" және "Физика" пәндерінің мазмұнының сабақтастығын ұғынуына, оқытудың мазмұндық-ұйымдастырушылық амалдарын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында "Жаратылыстану" және "Физика" пәндерінің мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының физика пәнінің мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген орта білім жүйесінде мемлекеттің негізгі бағыттары мен принциптерін, "Жаратылыстану" және "Физика" пәндерінің сабақтастығының ерекшеліктерімен танысу; ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды қоса алғанда, білім алушылардың когнитивтік (танымдық) аясын дамыту мен диагностикалау дағдыларын, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, басты құзыреттіліктері мен зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыты мен қажеттілігін пайымдауды зерделеу;

2) орта білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгілеген талаптарға сәйкес сабақты жобалауда интерактивті өзара әрекеттестіктің әдістерін, оқыту және білім берудің заманауи білім беру технологиялары мен амалдарын қолдану дағдыларын, физика пәні бойынша оқу сабақтарының қысқа мерзімді жоспарын жобалау дағдыларын дамыту;

3) физика пәнінің мұғалімінің жобалаушылық әрекетті практикада жүйелі қолдану дағдыларын қалыптастыруды, оқушылардың сыни ойлауын дамыту тәсілдерін игеру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) орта білім беру жүйесіндегі Қазақстан Республикасының әрекеттегі нормативтік-құқықтық актілерін; білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында "Физика" пәні мен "Жаратылыстану" пәні мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету ерекшелігі мен мазмұнын; функционалдық сауаттылықты дамыту қажеттілігін; оқушылардың зерттеу дағдылары мен түйінді құзыреттерін біледі;

2) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда, оқушылардың когнитивтік (танымдық) орта диагностикасы мен дамыту дағдысын; заманауи білім беру технологиялары мен оқыту мен оқу амалдарын, сабақты жобалау кезінде өзара әрекет етудің интербелсенді әдістерін; орта білім беру аясында ұсынылған әрекеттегі нормативтік-құқықтық актілерді қолдана алады;

3) функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша дағдыларды; оқушылардың зерттеу дағдылары мен түйінді құзыреттіліктерін; оқу сабақтарының қысқа мерзімді жоспарының талдамасын; физика мұғалімінің тәжірибедегі жобалау әрекетін жүйелі қолдануды; оқушылардың сыни ойлауды дамыту тәсілдерін меңгереді.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативті-құқықтық;

- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

4-тарау. Білім беру процесінің нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру, нысандары мен әдістері

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу (Blended Learning - блендед лҰнинг) оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

10. Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

ұйымдарының физика пәні
 мұғалімдеріне арналған
 педагогика кадрларының
 біліктілігін арттыру курсының
 ""Жаратылыстану" және
 "Физика" пәндері мазмұнының
 сабақтастығын қамтамасыз ету"
 білім беру бағдарламасына
 1-қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу – тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Тандау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Шебер-сынып	КТС	Шағы қорғау
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4		2					
1.1	Орта білім беру ұйымдары жүйесінде нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары. Орта білім беру педагогтерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілері	4		2					
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	2			6	2			
2.1	Оқытудың психологиялық негізі ретінде білім алушылардың когнитивтік ортасы	2							
2.2	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық амалдары					2			
2.3	Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың коммуникациялық дағдылары мен іскерліктерін дамыту. Мұғалімнің педагогикалық қызметі мен жеке тұлғасының психологиясы				2				
2.4	Білім беру ұйымдарында денсаулық сақтаушы ортаны дамыту				2				
2.5	Білім беру ұйымдарының дамытушы ортасын, сабақты және білім алушылардың жеке траекториясын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және жобалау әдістемесі				2				
3	Мазмұндық модуль	4		10	4		6	12	4

3.1	"Физика" және "Жаратылыстану" пәнін оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негізі	2		2				
3.2	"Физика" және "Жаратылыстану" пәнін ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлаудың ерекшеліктері			4				
3.3	Сабақтағы интерактивтік әдістері, білім беру мен оқытудағы заманауи амалдар			4				
3.4	Физика пәнін оқытуда ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудағы ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану ерекшеліктері					2		2
3.5	Оқу бағдарламасы бойынша пән мазмұнының және оқыту технологияларын таңдау ерекшеліктері					2		2
3.6	Білім алушылардың "Физика" және "Жаратылыстану" пәндерінің зерттеу икемдерін дамыту					2		2
3.7	Шағын оқыту және жобалау. "Жаратылыстану" элементтері мен физика сабағының қысқамерзімді жоспар талдамасы.							4
3.8	Білім алушылардың оқу жүйесі нәтижелерін бағалаудағы критериалдық амал	2			2			
3.9	Жобалау процесіндегі білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту (қорытынды тестілеу)				2			
3.10	Сапалы біліммен қамтамасыз ету жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту							2
3.11	Оқыту мақсаттары таксономиясының түрлі үлгілері (Б.Блум, И. Лернер және т.б.), Б. Блумның "Толық меңгеру теориясы" "Білімді меңгеру деңгейлері" И. Лернер) және т.б. Заманауи мектепте инклюзивті білім беруді енгізудің ерекшеліктері							4
4	Технологиялық модуль			10				4

4.1	Педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру. Білім беру үдерісінде педагогикалық және IT - технологияларды, робот техникасын қолдану							4	
4.2	Инновациялық технологиялар: білім берудегі STEM-(Science, Technology, Engineering, Mathematics – Сайнс, Технолоджи, Инжиниринг, Математикс) (бұдан әрі - STEM) технологиялар. STEM - Қазақстанда білім берудің басым бағыты ретінде. Оқу сабағының электрондық контенті			4					
4.3	Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау: бағалаудан бақылауға, дамыту үшін бағалау			2					
4.4	Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын цифрландыру. "Электрондық үкімет" порталы. Ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері			2					
4.5	"Күнделік" ақпараттық білім беру жүйесін қолдану негіздері. Цифрлық білім қорларын ((BilimLand (БілімЛэнд) және т.б) қолдану			2					
5	Вариативтік модуль		8						
5.1	Ойлай білу икемдерінің таксономиясы "Физика" пәнінде білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту құралы ретінде								
5.2	Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру								
5.3	Рефлексия кері байланыс орнатудың тиімді тәсілі ретінде								
5.4	Педагогтердің интернет-қауымдастықта өзара әрекеттесуі кәсіби біліктілікті дамытудың шарты ретінде								
Барлығы:		10	8	22	10	2	6	16	4

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын орта білім беру

ұйымдарының физика пәні
 мұғалімдеріне арналған
 педагогика кадрларының
 біліктілігін арттыру курсының
 ""Жаратылыстану" және
 "Физика" пәндері мазмұнының
 сабақтастығын қамтамасыз ету"
 білім беру бағдарламасына
 2-қосымша

Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Тандау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Шебер-сынып	КТС	Шағын қорғау
1	Нормативтік-құқықтық модуль	4		2					
1.1	Орта білім беру ұйымдары жүйесінде нормативтік құқықтық актілермен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. Орта білім беру педагогтерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілері	4		2					
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	2			6	2			
2.1	Оқытудың психологиялық негізі ретінде білім алушылардың когнитивтік ортасы	2							
2.2	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық амалдары					2			
2.3	Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың коммуникациялық дағдылары мен іскерліктерін дамыту. Мұғалімнің педагогикалық қызметі мен жеке тұлғасының психологиясы				2				
2.4	Білім беру ұйымдарында денсаулық сақтаушы ортаны дамыту				2				
2.5	Білім беру ұйымдарының дамытушы ортасын, сабақты және білім алушылардың жеке траекториясын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және жобалау әдістемесі				2				
3	Мазмұндық модуль	4		10	4		6	12	4

3.1	"Физика" және "Жаратылыстану" пәнін оқытудың ұйымдастырушылық-мазмұндық негізі	2		2				
3.2	"Физика" және "Жаратылыстану" пәнін ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлаудың ерекшеліктері			4				
3.3	Сабақтағы интерактивтік әдістері, білім беру мен оқытудағы заманауи амалдар			4				
3.4	Физика пәнін оқытуда ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудағы ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану ерекшеліктері					2		2
3.5	Оқу бағдарламасы бойынша пән мазмұнының және оқыту технологияларын таңдау ерекшеліктері					2		2
3.6	Білім алушылардың "Физика" және "Жаратылыстану" пәндерінің зерттеу икемдерін дамыту					2		2
3.7	Шағын оқыту және жобалау. "Жаратылыстану" элементтері мен физика сабағының қысқамерзімді жоспар талдамасы.							4
3.8	Білім алушылардың оқу жүйесі нәтижелерін бағалаудағы критериалдық амал	2			2			
3.9	Жобалау процесіндегі білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту (қорытынды тестілеу)				2			
3.10	Сапалы біліммен қамтамасыз ету жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту							2
3.11	Оқыту мақсаттары таксономиясының түрлі үлгілері (Б.Блум, И. Лернер және т.б.), Б. Блумның "Толық меңгеру теориясы" "Білімді меңгеру деңгейлері" И. Лернер) және т.б. Заманауи мектепте инклюзивті білім беруді енгізудің ерекшеліктері							4
4	Технологиялық модуль			10				4

4.1	Педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру. Білім беру үдерісінде педагогикалық және IT - технологияларды, робот техникасын қолдану							4	
4.2	Инновациялық технологиялар: білім берудегі STEM-(Science, Technology, Engineering, Mathematics – Сайнс, Технолоджи, Инжиниринг, Математикс) (бұдан әрі - STEM) технологиялар. STEM - Қазақстанда білім берудің басым бағыты ретінде. Оқу сабағының электрондық контенті			4					
4.3	Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау: бағалаудан бақылауға, дамыту үшін бағалау			2					
4.4	Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын цифрландыру. "Электрондық үкімет" порталы. Ақпараттық-білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері			2					
4.5	"Күнделік" ақпараттық білім беру жүйесін қолдану негіздері. Цифрлық білім қорларын ((BilimLand (БілімЛэнд) және т.б) қолдану			2					
5	Вариативтік модуль		8						
5.1	Ойлай білу икемдерінің таксономиясы "Физика" пәнінде білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту құралы ретінде								
5.2	Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру								
5.3	Рефлексия кері байланыс орнатудың тиімді тәсілі ретінде								
5.4	Педагогтердің интернет-қауымдастықта өзара әрекеттесуі кәсіби біліктілікті дамытудың шарты ретінде								
Барлығы:		10	8	22	10	2	6	16	4

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) оқыту орыс тілінде жүретін орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін оқытуды регламенттейді.

2. Бағдарлама оқыту орыс тілінде жүретін орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) тілді деңгейлеп оқыту жүйесінің басты қағидаларын меңгеру;
2) мақсаттарға жету дағдыларын, сонымен қатар орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың үлгісін меңгеру, сөйлеу әрекеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды дайындау дағдыларын жетілдіру, тілді сөздіктерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеру, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың түрлі тәсілдерін қолдану;

3) критериалды бағалау әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру, шиыршықты оқыту және "CLIL" (Content and language integrated learning-контент энд лэнгуидж инегрейтид лҰнинг) пәндік-тілдік кіріктіру дағдыларын меңгеру;

5. Тыңдаушылар курс соңында:

- 1) тілді деңгейлеп оқыту жүйесінің басты қағидаларын біледі;
- 2) сөздіктерді пайдаланбай оқытудың тиімді әдістерін қолдана алады, сөйлеу әрекеттерін дамытуға арналған тапсырмаларды дайындау дағдыларын пайдалана алады;
- 3) шиыршықты оқыту және "CLIL" (Content and language integrated learning-контент энд лэнгуидж инегрейтид лҰнинг) пәндік-тілдік кіріктіру әдістерін, критериалды бағалау әдістерін қолдану дағдыларын меңгереді.

3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

4-тарау. Білім беру процесінің нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру, нысандары мен әдістері

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу (Blended Learning - блендед лҰнинг) оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған

тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

10. Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Орыс тілінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасына
1-қосымша

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Дәрістер	Таңдаудәрісі	Практикалық сабақ	Тренинг	Семинар	Шеберліксыныптары
1	Нормативті - құқықтық модуль	6					
1.1	Орта білім беру жүйесі бойынша нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары. Орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қызметін реттеуші нормативтік құқықтық актілер	6					
2	Психологиялық – педагогикалық модуль	4		2	4		
2.1	Критериалды бағалауда мұғалімді психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу	2			2		
	Қазақ тілін үйрену процесінде туындайтын психологиялық						

2.2	кедергілерді жоюда психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану				2		
2.3	Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін жағдай жасау			2			
2.4	Дарынды балалармен жұмыс жүйесі - зияткерлік әлеуетті дамыту факторы	2					
3	Мазмұндық модуль	6		4	4	2	
3.1	Қазақ тілі мен әдебиетін деңгейлеп оқытудың тұжырымдамалық негіздері мен әдіснамасы. Қазақ тілін оқытудағы тілдік дағдыларды сипаттауда Жалпыеуропалық тіл құзыреттілігін бағалауды (CEFR - Common European Framework of Reference for Languages – Коммон еуропеан фрэймворк оф референс фор лэнгуиджз) қолдану	2					
3.2	Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім алушылардың жұмыстарын бағалаудағы критериялды тәсіл	2					
